

Хаттама

10.10.2023

№1

Қажымұқан ауылы

Өндірістік кенестің хаттамасы

Жиналыс төрайымы: А. Естаева

Әдіскер: М. Болысбаева

Қатыскандар: 14

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде

Талдау:

1. Жазғы сауықтыру кезіндегі іс – шаралар қорытындысы.

Жауапты медбике: П. Ниязбек

2. Еңбек тәртібі. Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оқу жылына толық даярлығы.

Жауапты меңгеруші және шаруа меңгерушісі: А. Естаева С. Акмуратов

3. Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтарымен таныстыру.

Жауапты шаруа меңгерушісі: С. Акмуратов

4. Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен

таныстыру. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

Жауапты әдіскер: М.Болысбаева

1.Тыңдалды: Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша медбикесі П. Ниязбек сөз алды. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының жұмысы туралы есеп берді. Жаңадан қабылданған балаларды 063 формасымен қабылдауды ұсынды. Жаңа оқу жылында балалардың денсаулығын нығайту, денесін шынықтыру барысында бірлесіп жұмыс жасайық деп сөзін қорытындылады.

2.Тыңдалды: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі А. Естаева сөз алды. Қызметкерлерге еңбек шарты бойынша құқықтары мен міндеттері туралы түсінік берді. Балабақша шаруа меңгерушісі С. Акмуратов сөз алды. Жұмыста еңбек тәртібін сақтап, мүліктерге ұқыпты қарауға, басты мақсат балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және жауапты екендіктерін айтты. Тынымсыз еңбек қана алға

жетелейді, сондықтан да әр қызметкер өз лауазымын дұрыс атқаруға бейімделетін – деп сөзін қорытындылады.

3.Тыңшлады: Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша шаруа меңгерушісі С. Ақмуратов сөз алды. Орт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтарымен таныстырды. Балабақша сыртындағы өрт сөндіргіш құралдарын қалай пайдалану керектігін үйретті.

4.Тыңшлады: Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері М.Болысбаева сөз алды. Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шаруаларының нұсқауымен таныстырды. Бала өмірдің мәні, көзіміздің қуанышы. Әрбір бала қоғамның бір мүшесі. Осы өскелең ұрпақты тәрбиелеу, тәрбиешілердің яғни біздің басты міндетіміз. Баланың өмірінің қауіпсіздігін басты назарға ұстауымыз қажет екенін айтты.

Қаулы етілді

1. Еңбек шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін біліп жүруге.
2. Балалардың денсаулығын қорғауға, қауіпсіздік ережелерін ұстауға
3. Орт сөндіргіш құралдарын дұрыс пайдалана білуге
4. Балабақша мүліктерін сындырмай таза, ұқыпты ұстауға

Өндірістік кеңес төрайымы:

А. Естаева

Әдіскер:

М.Болысбаева



Хаттама

12.01.2024ж

№2

Қажымұқан ауылы

Өндірістік кеңестің хаттамасы

Жиналыс төрайымы: А. Естаева

Әдіскер: М. Болысбаева

Қатыскандар: 16

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде

Талдау:

1. Балабакша ішілік еңбек тәртібінің нұсқауларымен таныстыру.
Жауапты меңгеруші: А.Естаева
2. Балалар өмірін және денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды орындау.
Жауапты медбике: П. Ниязбек
3. І-ші жарты жылдықтағы тамақтану және наукастық анализі
-Ішкі еңбек тәртібін , ішкі күн тәртібін орындау.
Жауапты әдіскер: М.Болысбаева

1. **Тыңдалды :** Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабакша меңгерушісі А. Естаева сөз алды. Қызметкерлерге еңбек шарты бойынша құқықтары мен міндеттері туралы түсінік берді. Еңбек тәртібінің нұсқаулықтарымен таныстырды.

2. **Тыңдалды :** Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабакша медбикесі П. Ниязбек сөз алды. Ол өз сөзінде балалардың денсаулығына мән беру керектігін дұрыс тамақтануды, айтып өтті.

Өндірістік кеңес төрайымы:  А. Естаева

Әдіскер:  М.Болысбаева

Өндірістік кеңес хаттамасы

№ 3

Тақырыбы: «Оқу үдерісі барысында балалардың өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды нығайту туралы»

Күні: 13 қараша 2025 жыл

Орны: ЖШС «Алтыншаш-ана» бөбекжай- балабақшасы»

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медицина қызметкері, шаруашылық меңгерушісі

Хатшы: Таш Г

Күн тәртібі:

Оқу-тәрбие жұмысы барысында балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін сақтау шараларын талқылау және нақтылау.

Тыңдалды:

1. Меңгеруші: Г.М Тилеубаева

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау — балабақшаның басты міндеттерінің бірі екенін атап өтіп, қауіпсіздік шараларын жүйелі жүргізу, тәрбиешілер мен қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру қажеттігін айтты.

2. Медицина қызметкері: Смаханқызы Паридаш

Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, күнделікті таңғы фильтр жүргізу, ЖРВИ және басқа жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын баяндады.

3. Әдіскер: М. Болысбаева

Тәрбиешілерге оқу іс-шараларында қауіпсіздік техникасы мен алғашқы көмек көрсету ережелерін қатаң сақтау тапсырылды. Балаларға арналған қауіпсіздік сабақтарын жүйелі өткізу ұсынылды.

4. Шаруашылық меңгерушісі С. Акмуратова

Ойын алаңдарының, жабдықтардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілгенін хабарлады.

Шешімдер:

- Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша жұмыс жүйелі түрде жалғассын;
- Тәрбиешілер мен қызметкерлерге нұсқаулықпен танысу және алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту жүргізілсін;
- Медицина қызметкері күнделікті бақылау мен санитарлық нормалардың орындалуын қамтамасыз етсін;
- Қауіпсіздік бұзылған жағдайда жедел әрекет ету тетіктері бекітілсін.

Хатшы: Таш Г

Меңгеруші: Г.М Тилеубаева



Хаттама

№ 4

Тақырыбы: «Балабақшаның қысқы маусымға дайындығы туралы»

Күні: 14 қазан 2025 жыл

Орны: ЖШС «Алтыншаш-ана» бөбекжай- балабақшасы»

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, шаруашылық меңгерушісі, техникалық қызметкерлер

Хатшы: Бокебаева Гаухар

Күн тәртібі:

Балабақшаның қыс мезгіліне дайындығын пысықтау

Тыңдалды:

1. Меңгеруші: Г.М Тилеубаева

Балабақша ғимаратының жылыту жүйесі толық тексеруден өтіп, қазандық жұмыс істеуге дайын екенін айтты. Терезелер мен есіктердің тығыздалуы, жылу жүйесінің қысыммен тексерілуі бойынша жұмыстар атқарылған.

2. Шаруашылық меңгерушісі: С.Акмуратова

Жылы киім, төсек-жабдық, жылы төсеніштер мен жылы аяқ киімдер саны толық қамтамасыз етілгенін, апатты жағдайда қолданылатын шамдар мен пештер дайын екенін баяндады.

3. Медбике: Смаханқызы Паридаш

Қысқы маусымда жұқпалы аурулардың алдын алу, желдету режимін сақтау, балаларға дәрумендік қолдау көрсетуді ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады.

4. Әдіскер: М .Болысбаева

Тәрбиешілерге балалармен қауіпсіздік ережелері бойынша әңгіме жүргізуді, ата-аналарға ауа райына сай киіммен қамтамасыз ету жөнінде түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Шешімдер:

- Қысқы маусымға дайындық толық аяқталды деп танылсын;
- Жылыту жүйесінің жұмысын тұрақты бақылау техникалық қызметкерге жүктелсін;

- Балалардың денсаулығын бақылау және санитарлық талаптардың сақталуын күшейту медбикеге тапсырылсын;
- Қауіпсіздік ережелері бойынша профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілсін.

Хатшы: Бокебаева Гаухар



Меңгеруші: Г. Елеубаева



Хаттама

№ 5

Тақырыбы: «Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы»

Өткізілген күні: 29 тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: ЖШС «Алтыншаш-ана» бөбекжай- балабақшасы»

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, медицина қызметкері, аспаз, шаруашылық меңгерушісі

Хатшы: Иманкулова Лаура

Күн тәртібі:

2025–2026 жаңа оқу жылына дайындық барысы

Тыңдалды:

1. Балабақша меңгерушісі: Г.М Тилеубаева

Жаңа оқу жылына дайындық шеңберінде ғимараттың санитарлық жағдайы, кабинеттердің жабдықталуы, қауіпсіздік шаралары мен өртке қарсы жүйелер толық тексерістен өткенін атап өтті.

2. Әдіскер: Болысбаева М

Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие процесінің жылдық жоспары дайындалғанын, оқу құралдары, көрнекі құралдар жаңартылғанын баяндады.

3. Шаруашылық меңгерушісі: С.Акмуратов

Топ бөлмелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілгенін, барлық қажетті мүлік пен құралдардың жеткілікті екенін мәлімдеді.

4. Медбике: Смаханқызы Паридаш

Балалар мен қызметкерлердің денсаулығына байланысты тексерістер, санитарлық нормалар мен эпидемияға қарсы шаралар толық сақталғанын айтты.

Шешімдер:

- Барлық дайындық жұмыстары дер кезінде аяқталғаны назарға алынсын;
- 1 қыркүйекке дейін ұсақ түзетулер мен тексерістер жалғассын;

Өндірістік кеңес төрайымы

Әдіскер:



Г.М Тилеубаева

М.Д Болысбаева